



С.Кривицкая

«Ақ ниет» мектеп – интернаты» 2023 -2024 оқу жылына арналған
«ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы

Жобаның мақсаты: Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, ұлттық бірегейлік, әлеуметтік құзыреттілік, білім алушыларды өз халқының мәдени дәстүрлеріне, көпұлтты мемлекет жағдайында жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу.

Жобаның міндеттері:

- 1) өз Отанына деген мақтаныш сезімін, қазақ халқының тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- 2) қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын сақтау және дамыту;
- 3) халық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын түсіну негізінде білім алушыларды толеранттылыққа тәрбиелеу;
- 4) қазақ халқы мәдени дәстүрлерінің сабақтастығын сақтау.

№	Іс-шара	Мақсаты	Өткізілетін уақыты	Жауаптылар
1	«Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!» акция	Баланың бойына салауатты өмір салтын дарыта отырып, зиянды әдеттерден аулақ болуды түсіндіру: - жаман әдеттерден туатын аурулар туралы білімдерін жетілдіру. - өмірге, адамзат ұрпағына деген аяушылық сезімін ояту, аурудың алдын алуды үйрету. - тәні де, жаны да таза, әрі сау болашақ ұрпақты насихаттау, тәрбиелеу.	Қыркүйек	Тәрбиешілер, ЕДК жаттықтырушы Мамырбеков А.Ж.
2	«Ұлттық ойын – халық мұрасы»	Халқымыздың ұлттық ойындарының қалай қалыптасқандығы,оның атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып отырғандығы туралы мағлұмат беру. Ұлттық	Қараша	Тәрбиешілер, ПДО (шахмат, тоғызқұмалақ)

		ойын түрлерінің мазмұнын түсіндіре отырып, ойнату арқылы қызығушылықтарын арттыру. Ата-бабамыздан бізге жеткен баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз ұлттық ойындар екендігін біліп өсуге, денсаулығын шыңдай түсуге тәрбиелеу.		
3	<p>«Оқуға құштар мектеп» Шығыстан жарқырап шыққан жұлдыздар - Оралхан Бөкей (туғанына 80 жыл), Қасым Қайсенов (туғанына 105 жыл)</p>	Мектеп жасындағы балалардың кітапқа құмарлығын оятумен қатар, танымдық-мәдени дамуына жол ашу, оқу мәдениетіне тәрбиелеу, кітапқа деген құрмет пен сүйіспеншілігін қалыптастыру, оқуға құштарлығын шыңдау. Баланың функционалдық сауаттылығын арттыру, көркем әдебиетті оқу арқылы тіл тазалығын сақтап, ұлттық тәрбиеге деген қызығушылығын ояту.	Ақпан	Тәрбиешілер, Кітапханашы Аманова А.И.
4	<p>«Жасыл желек жанға сая» экологиялық акция</p>	Баланы жердің қадірін, байлығын бағалай білуге, туған табиғатты сүйуге және қамқорлық, жанашырлық сезімге баулу. Табиғат — қазына байлық екенін түсіндіру. Қоршаған ортаны қорғау, туған елге деген сүйіспеншілігін арттыру. Туған жердің табиғатын аялауға тәрбиелеу.	Мамыр	«Ақ ниет» ұжымы мен тәрбиеленушілер